

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу Нұсқауын, Программасын және тестілеу Нәтижелерінің шекаралық мәндерін бекіту туралы" 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 02-2-4/67 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2027. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 бұйрығымен.

Әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың бос орындарына орналасуға конкурстық іріктеу өткізу кезінде тестілеу рәсімін бұдан әрі жетілдіру және конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарды жоғарылату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу Нұсқауын, Программасын және тестілеу Нәтижелерінің шекаралық мәндерін бекіту туралы" 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 02-2-4/67 бұйрығына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 тармақтың:

5) тармақшасы келесі мазмұнда оқылсын:

"С-5 (облыстық аумақтық органның бөлім бастығы, аудандық аумақтық органның жетекшісі), С-6 (аудандық аумақтық орган жетекшісінің орынбасары), С-8 (облыстық аумақтық органның аға приставы, облыстық аумақтық органның аға сот орындаушысы), С-9 (облыстық аумақтық органның бас маманы), С-10 (облыстық аумақтық органның жетекші маманы, облыстық аумақтық органның приставы, облыстық аумақтық органның сот орындаушысы, аудандық аумақтық органның құрылымдық бөлімше жетекшісі), С-11 (аудандық аумақтық органның бас маманы), С-12 (облыстық аумақтық органның маманы, аудандық аумақтық органның жетекші маманы), С-13 (аудандық аумақтық органның маманы), D-3 (облыстық аппараттың құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі; көмекші, кеңесші, облыс әкімінің бас инспекторы; аудандық аппаратының жетекшісі), D-4 (поселке, ауыл (село) әкімінің орынбасары; облыстық аппаратының бас маманы; аудандық аппаратының бөлім бастығы; аудан әкімінің көмекшісі, кеңесшісі); D-5 (

облыстық аппаратының жетекші маманы, аудандық аппаратының бас маманы), D-6 (облыстық аппаратының маманы; аудандық аппаратының жетекші маманы; поселкелік, ауылдық (селолық) аппаратының бас маманы; облыстық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-7 (аудандық аппаратының маманы, аудандық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-8 (поселкелік, ауылдық (селолық) аппаратының маманы), E-3 (облыстық органның бөлім бастығы, аудандық органның жетекшісі), E-4 (аудандық орган жетекшісінің орынбасары), E-5 (облыстық органның бас маманы), E-6 (облыстық органның жетекші маманы, аудандық органның құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі), E-7 (аудандық органның бас маманы), E-8 (облыстық органның маманы, аудандық органның жетекші маманы), E-9 (аудандық органның маманы) санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу программасы (5 Қосымша)";

б)-шы тармақшасы алынып тасталынсын;

2) аталған бұйрықтың 1 Қосымшасында:

4.1. тармақтың екінші сөйлемі келесі мазмұнда оқылсын:

"Логикалық тестті орындауға берілген жалпы уақыт - 25 минут, заңдарды білуге арналған тестті орындауға - 100 минут (130 сұрақ), 85 минут (110 сұрақ) немесе 55 минут (70 сұрақ)";

3) аталған бұйрықтың 2 Қосымшасында:

1) - ш і тармақшасында:

б і р і н ш і абзацтағы:

"120 сұрақ" сөздерін "130 сұрақ" сөздерімен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын " сөздерінен кейін ", 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін" сөздерімен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "20 сұрақ" сөздерінен кейін "және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша 10 сұраққа" сөздерімен толықтырылсын;

4) аталған бұйрықтың 3 Қосымшасында:

1) - ш і тармақшасында:

б і р і н ш і абзацтағы:

"60 сұрақ" сөздерін "70 сұрақ" сөздерімен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын" сөздерінен кейін ", 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін" сөздерімен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "20 сұрақ" сөздерінен кейін "және Қазақстан Республикасы

мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша 10 сұраққа" сөздерімен толықтырылсын;

5) аталған бұйрықтың 4 Қосымшасында: екінші абзацтағы:

"100 сұрақ" сөздері "110 сұрақ" сөздерімен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын " сөздерінен кейін ", 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін" сөздерімен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы "20 сұрақ" сөздерінен кейін "және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша 10 сұраққа" сөздерімен толықтырылсын;

6) 5 Қосымша осы бұйрықтың 1 Қосымшасына сәйкес оқылсын;

7) аталған бұйрықтың 6 Қосымшасы алып тасталынсын;

8) аталған бұйрықтың 8 Қосымшасында:

1) - ш і тармақшасында:

бірінші абзацтағы:

"120 сұрақ" сөздерін "130 сұрақ" сөздерімен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын " сөздерінен кейін ", 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін" сөздерімен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "20 сұрақ" сөздерінен кейін "және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша 10 сұраққа" сөздерімен толықтырылсын.

3. Осы бұйрық тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет
істері жөніндегі
агенттігі төрағасының
2002 жылғы 16 қыркүйектегі
N 02-2-4/128 бұйрығына
1 қосымша

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет
істері жөніндегі
агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі

5 қосымша

С-5 (облыстық аумақтық органның бөлім бастығы, аудандық аумақтық органның жетекшісі), С-6 (аудандық аумақтық орган жетекшісінің орынбасары), С-8 (облыстық аумақтық органның аға приставы, облыстық аумақтық органның аға сот орындаушысы), С-9 (облыстық аумақтық органның бас маманы), С-10 (облыстық аумақтық органның жетекші маманы, облыстық аумақтық органның приставы, облыстық аумақтық органның сот орындаушысы, аудандық аумақтық органның құрылымдық бөлімше жетекшісі), С-11 (аудандық аумақтық органның бас маманы), С-12 (облыстық аумақтық органның маманы, аудандық аумақтық органның жетекші маманы), С-13 (аудандық аумақтық органның маманы), D-3 (облыстық аппараттың құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі; көмекші, кеңесші, облыс әкімінің бас инспекторы; аудандық аппаратының жетекшісі), D-4 (поселке, ауыл (село) әкімінің орынбасары; облыстық аппаратының бас маманы; аудандық аппаратының бөлім бастығы; аудан әкімінің көмекшісі, кеңесшісі); D-5 (облыстық аппаратының жетекші маманы, аудандық аппаратының бас маманы), D-6 (облыстық аппаратының маманы; аудандық аппаратының жетекші маманы; п о с е л к е л і к , ауылдық (селолық) аппаратының бас маманы; облыстық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-7 (аудандық аппаратының маманы, аудандық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-8 (поселкелік, ауылдық (селолық) аппаратының м а м а н ы) , Е - 3 (о б л ы с т ы қ органның бөлім бастығы, аудандық органның жетекшісі), Е-4 (аудандық орган жетекшісінің орынбасары), Е-5 (облыстық органның бас маманы), Е-6 (облыстық органның жетекші маманы, аудандық органның құрылымдық бөлімшесінің ж е т е к ш і с і) , Е-7 (аудандық органның бас маманы), Е-8 (облыстық органның маманы, аудандық органның жетекші маманы), Е-9 (аудандық органның маманы) санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді т е с т т е у п р о г р а м м а с ы санаттарына бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді т е с т і л е у п р о г р а м м а с ы

Осы программа Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған т е с т і л е р д і қ а м т и д ы .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын , Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік қызмет туралы" заңын , Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін білуге арналған 70 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерінен 10 сұраққа жауап беруі қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК